


## Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
<b>АҚШ</b>			
S&P 500	6 575	▲ 0,72%	▲ 12,0%
NASDAQ	21 841	▲ 1,16%	▼ -6,0%
DJIA	46 566	▲ 0,48%	▲ 9,8%
CBOE Volatility Index (VIX)	25	▼ -2,81%	▲ 36,9%
<b>Еуропа</b>			
FTSE 100	10 365	▲ 1,85%	▲ 25,5%
DAX	1 989	▲ 2,68%	▲ 16,6%
<b>Азия</b>			
Hang Seng	25 294	▲ 2,04%	▲ 28,9%
Nikkei 225	54 184	▲ 6,11%	▲ 35,8%
Shanghai SE	3 949	▲ 1,46%	▲ 21,0%
<b>Қазақстан</b>			
KASE	7 736	▲ 0,02%	▲ 36,2%

## Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Сәрсенбі күні қор нарықтары өсіммен жабылды: S&P 500 индексі 0,72%-ға өсіп, 6 575,32 долларға жетті; Nasdaq Composite 1,16%-ға көтеріліп, 21 840,95 деңгейінде қалыптасты; ал Dow Jones индексі 0,48%-ға өсіп, 46 565,74 болды. S&P 500 индексіндегі 11 сектордың 6-ы өсім көрсетті. Өсім көшбасшылары Information Technology (+1,2%), Industrials (+1,1%) және Industrials (+1,1%) секторлары болды. Ал төмендеу Energy (-3,1%), Consumer Staples (-0,6%) және Financials (-0,1%) секторларында тіркелді.

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	10 145 851 464 237	0,0%	-5,0%	28,3%
Consumer Discretionary	9 359 541 155 287	0,3%	-6,5%	11,2%
Consumer Staples	3 458 487 400 465	0,6%	-7,3%	-4,7%
Energy	2 119 891 313 974	1,1%	7,4%	29,5%
Financials	7 762 542 135 141	0,1%	-5,0%	3,0%
Industrials	5 237 609 091 579	1,1%	-7,5%	27,4%
Information Technology	18 802 263 569 923	1,2%	-3,2%	81,3%
Materials	1 118 336 681 324	1,1%	-2,0%	26,7%
Real Estate	1 039 822 270 708	0,1%	-6,8%	-5,0%
Utilities	1 431 176 301 488	1,6%	-1,9%	15,8%
Health Care	5 381 751 326 834	0,4%	7,1%	4,1%

Алдыңғы күні Уолл-стриттегі сауда-саттық өсіммен аяқталды. Бұған технологиялық сектор акцияларының қымбаттауы және Таяу Шығыстағы қақтығыстың бәсеңдеуі мүмкін деген үміт аясында инвесторлардың көңіл-күйінің жақсаруы әсер етті. Оптимизм АҚШ президенті Дональд Трамптың Reuters агенттігіне берген сұхбатында АҚШ «жақын арада Ираннан шыға алады», бірақ қажет болған жағдайда «нақты соққылар» жасау мүмкіндігін сақтайтынын мәлімдегеннен кейін күшейді. Бұл мәлімдемелер оның халыққа арналған жоспарланған үндеуінен бірнеше сағат бұрын айтылып, нарықтар тарапынан геосаяси шиеленістің төмендеуінің белгісі ретінде қабылданды.

Осы жағдай аясында ірі технологиялық компаниялардың акциялары айтарлықтай өсті. Alphabet акциялары шамамен 3,4%-ға қымбаттады, ал Meta Platforms және Amazon акциялары 1%-дан астам өсті. Сонымен қатар, Уолл-стрит екінші күн қатарынан өсім көрсетіп отыр, себебі инвесторлар АҚШ, Израиль және Иран арасындағы әскери қақтығыс жақын арада аяқталуы мүмкін деген күтулерді бағаға енгізуде.

Нарықтарға қосымша қолдауды оң макроэкономикалық деректер көрсетті. ADP есебіне сәйкес, АҚШ-та жеке сектордағы жұмыспен қамту наурыз айында 62 мың жұмыс орнына өсті, ал ақпан айындағы көрсеткіш қайта қаралып, 66 мың болды. Бұл шамамен 41 мың деңгейіндегі сарапшылар болжамынан жоғары болды және геосаяси белгісіздікке қарамастан еңбек нарығының тұрақтылығын көрсетті. Сонымен қатар, ақпан айында бөлшек сауда 0,6%-ға өсіп, алдыңғы айдағы 0,1%-дық төмендеуден кейін соңғы жеті айдағы ең жоғары өсімді көрсетті, бұл тұтынушылық сұраныстың тұрақты екенін білдіреді.

Энергетикалық секторда керісінше динамика байқалды. АҚШ-тағы табиғи газ фьючерстері сәрсенбі күні ақпан айының соңынан бергі ең төменгі деңгейге түсіп, соңғы алты айдағы ең төменгі жабылу көрсеткішін көрсетті.




Сонымен қатар, Таяу Шығыстағы шиеленістің бәсеңдеуіне қатысты оптимизм аясында мұнай мен доллар бағалары төмендеді. Brent маркалы мұнай 2,7%-ға арзандап, барреліне 101,16 доллар болды, ал WTI мұнайы 1,24%-ға төмендеп, 100,12 доллар деңгейіне түсті. Бұл энергия жеткізілімдерінің бузылуына қатысты алаңдаушылықтың азайғанын және мұнай бағасындағы геосаяси сыйақының төмендегенін көрсетті.

KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халық Банк	384	1%	40,2%
Банк ЦентрКредит	4 555	0%	98,7%
Kcell	3 338	0%	-1,2%
Казатомпром	38 144	1%	86,5%
КазТрансОйл	1 280	3%	55,5%
KEGOK	1 456	0%	-4,3%
Kaspi.kz	35 600	1%	-35,1%
КазМунайГаз	31 072	-2%	112,4%
Эйр Астана	733	3%	-35,8%

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	474,60	-0,43%	-6,3%
RUB/KZT	6,43	0,00%	0,4%
CNY/RUB	11,24	0,23%	2,3%
EUR/USD	1,1588	0,31%	-1,1%

\* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

# Байланыс



---

## Аналитика департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)**

**Эл.адрес:**  
**analytics@centras.kz**

## Брокерлік қызмет көрсету

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

---

## Сауда операциялары департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)**

**Эл.адрес:**  
**trade@centras.kz**

## Сату департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

---

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.